



Пифагор
тұлғасымен
танысу

Пифагор (б.з.д. 580-500)

- Ежелгі Грекияда Самос аралында дүниеге келген
- Атақты математик, философ
- «Философия» сөзін алғаш қолданған адам



Пифагор саяхаттары

- Милет қаласында Фалестен және оның шәкірті Анаксимандрдан дәріс алады.
- Мысырда абыздардан құпия білім игереді.
- Парсыларға тұтқынға түсіп, Вавилонға келеді. Онда парсы ғалымдарынан білім алып өзінің астрономия, астрология, медицина және арифметикадан білімін шыңдайды.

Пифагор мектебі

- 12 жылдық тұтқындықтың босатылып, Пифагор Грекияға оралмақ болады.
- Сол уақыттың ғалымдары жиналған Ұлы Грекияға (қазіргі Оңтүстік Италия) келеді. Онда Сиракуза, Агригент, Кротон сияқты атақта қалалар болатын.
- Пифагор сол жерде өз мектебін ашады.

Пифагор мектебі

- Пифагор ілімі аз уақытта атақты болып, кең таралады.
- Пифагор мектебінде сандар теориясының негізі қаланған.
- Мектепте медицина, астрономия, математика, музыка, этика, саясаттану, т.б. сабақтар жүргізілген.

Пифагорлық философия

- Пифагор және оның жолын қуушылардың пікірінше:
 - дүниенің мәні сандар арқылы берілген (бүкіл дүниенің, ондағы құбылыстардың құпиясын сандар арқылы өлшеп тануға болады деп есептеген);
 - дүниені тану, түсіну үшін сандарды тануға шақырды (сан арқылы тану сезімдік және идеалистік сана аралығынан өтетін таным жолы деп санады);
 - «бір» санын дүниенің ең ұсақ бөлшегі деп түсінді;
 - дүниенің диалектикалық бірлігін бейнелейтін «протокатегорияларды» табуға, көрсетуге тырысты (жұп-тақ, жарық-қараңғы, түзу-қисық, оң-сол, ер-әйел, т.б.)

Пифагордың тікбұрышты үшбұрыш туралы теоремасы

- Пифагордың ең танымал теоремасы.
- Аңыз бойынша, осы теореманы дәлелдегеннен кейін 100 өгізді сойып той жасаған.
- Теореманың геометриядағы маңыздылығы өте көп.

Пифагордың тікбұрышты үшбұрыш туралы теоремасы

- Теорема Ежелгі Үндістан ғалымдарына да белгілі болған.
- Оған дәлел «Сутра» іліміндегі келесі сөйлемдер:
 - тіктөртбұрыштың диагоналінің квадраты оның үлкен және кіші қабырғаларының квадраттарының қосындысына тең;
 - шаршының диагоналіне салынған шаршының ауданы бірінші шаршының ауданынан екі есе үлкен